

2 желтоқсан 2024 жыл

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨҢДЕУШІ САЛАЛАР БОЙЫНША PMI®

Қарашада жаңа тапсырыстардың өсуі
рекордты жаңартты

2 желтоқсан 2024 жыл

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨҢДЕУШІ САЛАЛАР БОЙЫНША PMI®

Мазмұны

Негізгі тұжырымдар**Шолу****Түсініктеме
(комментарий)****Өндіріс пен сұраныс****Жұмыспен қамту және
өндіріс қуаты****Жеткізу тізбегі****Инфляция****Халықаралық PMI****Әдістеме****Қосымша ақпарат**

Есеп туралы

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI® өндірістік көрсеткіштерді уақтылы баяндап отырады. Есепте жергілікті өндірушілердің өкілдер панелінен алғынған сауалнама негізінде өндіріс, сұраныс, жұмыспен қамту, баға және жеткізу тізбегіндегі айлық өзгерістер қадағаланады.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР

Қараша 2024

Сауданама тарихында тұңғыш рет жаңа
тапсырыстың күрт өскені байқалды

Өндіріс, жұмыспен қамту және сатылым үлғая түсті

Өндіріске қажет ресурс құны елеулі қарқынмен өсті

PMI® өндірістік көрсеткіштерді үақтылы баяндан отырады. Ол жаңа
тапсырыстар, өндіріс, жұмыспен қамту, жеткізу мерзімі, сатып алуар қоры
бойынша айлық өзгерістерді бақылап отыратын бес қосалқы индекстің орташа
мәні. Әр қосалқы индекс 0 мен 100 аралығында және бұл «жоғары» жауптар
пайызының қосындысы мен «өзгермеген» жауптар пайызының жарты мәні.
50-ден жоғары мән өткен аймен салыстырғанда өсім болғанын, ал 50-ден
төмен мән кемуді білдіреді. Индекстер маусымға қарай түзетіліп отырады. PMI
сауданама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін [мына жерді](#) басыңыз.

Freedom Holding Corp.
Қазақстандағы өңдеуші
салалар бойынша PMI
қараша 2024

53.5



ҚАРАШАДА ЖАҢА ТАПСЫРЫСТАРДЫҢ ӨСҮІ РЕКОРДТЫ ЖАҢАРТТЫ

**Қазақстандағы бизнес
жүргізу шарттары
сауалнама жүргізу
басталған 2019 жылдан
бері қараша айында
алғаш рет айтарлықтай
жақсарды.**

Жаңа тапсырыстардың күрт өсуі ай бойы жалғасты, бұл өз кезегінде өндіріс көлемі мен сатып алу белсенділігінің артуына және жұмыс орнын ашуды тоқтатпауға тұрткі болды.

Бағаға келсек, АҚШ долларына қатысты теңге бағамының әлсіреуі салдарынан қазан айынан бері инфляциялық қысым күшейді.

The Freedom Holding Corp. ұсынған Қазақстанның өңдеуші салар бойынша PMI® (Сатып алу менеджерлерінің индексі™) көрсеткіші қазан айында 51.7-ден 53.5-ке дейін өсті, бұл жылдың соңғы тоқсанының ортасында өңдеу өнеркәсібіндегі ахуалдың анағұрлым жақсарғанын билдіреді. Бұған қоса, бизнес жүргізу шарттары тамыз айында тіркелген жоғары нәтижеден де асып, айтарлықтай күшейді. Саладағы ахуал тоғыз ай қатарынан жақсарып келеді.

Жаңа тапсырыстардың өсуі қарқыны қараша айында күрт жылдамдады және сауалнама тарихындағы ең жоғары көрсеткішке жетті. Респонденттер тұтынушылар тарағынан сұраныстың өскенин атап өтті.

Өндіріс көлемінің өсуі қарқыны да жеделдеді және 2020 жылдың қыркүйек айынан бергі ең серпінді көрсеткіш болды. Бұл сауалнама тарихындағы ең қарқынды үшінші есім. Жаңа тапсырыстардың, өнім

өндірудің өсуі кей жағдайда өндіріс қуатының артуына себеп болды.

Компаниялар қосымша жұмыс күшін тартумен қатар ресурстарды сатып алу арқылы да өндіріс қуатын үлғайтты.

Қызметкер санын арттыру көрсеткіші тоғыз ай қатарынан есіп келеді, дегенмен бұл айда есім айтарлықтай жоғары емес, тіпті қазан айымен салыстырғанда біршама төмен.

Қызметкерлер негізінен толық еңбек күніне жұмысқа қабылданды.

Сатылымда белсенділік күрт өсті және оның қарқыны төрт айлық ең жоғары көрсеткішке жетті. Шикізат ресурстарын сатып алу үлғайғанымен, ресурстар тікелей өндірісті қолдауға бағытталғандықтан, компаниялар қоймадағы қордың азайғанын атап өтті. Дегенмен соңғы қысқару көрсеткіші елеулі деңгейде емес.

Өндіріс қуатын арттыру, жаңа тапсырыстардың өскенине қарамастан, өндірушілерге жұмыс көлемін жоғары деңгейде үстап тұруға көмектесті. Орындалмаған жұмыс көлемі елеулі қарқынмен қысқарды.

Қоймадағы дайын өнім қоры да қарашада азайды, бұл маусым айынан бергі ең төмен көрсеткіш.

Өндіріске қажет материалдарды ай бойы сатып алған компанияларға логистикадағы кедергі, шекарадағы бөгеліс және темір жол желілеріндегі өткізу мүмкіндігінің нашар болуы салдарынан жүк әлі де ұзақ жеткізіледі.

Сөйті тұра өндіріс шығыны күрт өсті және қазан айына қарағанда есім біршама жеделдегені байқалды. АҚШ долларына қатысты теңге бағамының төмендеуі шикізат бағасының қымбаттауын одан әрі асқындырды.

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған



Дерек 2024 ж. 12-22 қараша аралығында жиналған.
Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2024 S&P Global.

Өз кезегінде дайын өнім бағасы да қараша айында біршама жоғары қарқынмен өсті, дегенмен бұл орташа көрсеткіштен баяу. Ал, баға он бес ай қатарынан шарықтап барады.

Қол қою сатысындағы жаңа мәмілелер мен өндіріс көлемін арттыру жоспары қолға алынғанын ескерсек, өндірушілер алдағы жылы өнім өндіру көлемі өседі деп үміттеннеді. Респонденттердің 44%-дан астамы өндіріс көлемі үлғаяды деп болжайды, дегенмен қазан айымен салыстырғанда сенім аздап әлсіреген және сауалнама басталған 2019 жылдың наурыз айынан бері орташа деңгейден төмен.

ТҮСІНІКТЕМЕ (КОММЕНТАРИЙ)

**Ерлан Әбдікәрімов,
Freedom Finance Global
PLC (Freedom Holding Corp.
100% еншілесі) Қаржылық
талдау департаментінің
директоры:**


"Қараша айында бизнес жүргізу шарттар және өңдеуші салалардағы жаңа тапсырыстардың көлемі биылғы тамызыдаң көрсеткіштерін басып озып, рекордтық деңгейге жетті. Өсуге серпін берген клиенттер тарапынан сұраныстың күрт артуы болды – қоймадағы дайын өнім мен аяқталмаған өндіріс көлемі төмендеді. Нәтижесінде,

өндіріс қуатының зор қарқынмен өскенін байқап отырмыз және сатылымның артуы мен қызметкер санының үлғаюы да қатар байқалды. Дегенмен, жеткізу тізбегіндегі кедергілер, шикізат пен материал құнының біршама қымбаттауы жағдайды қурделендіріп отыр. Осы факторлар жинақтала келе, қоймадағы қордың азаюы мен ресурстардың тікелей өндіріске бағытталуына ықпал еткен болса керек. Қарама-қайшылықты жағдай қалыптасқанымен, салада оптимизм сақталып отыр және қазан айымен салыстырында өсімді күту біршама бәсендегеніне қарамастан, өндіріс көлемі алдағы жылы да артады деген болжам бар."


Байланысуышы тұлға

Ерлан Әбдікәрімов
Freedom Finance Global
PLC, Қаржылық талдау
департаментінің директоры
Yerlan.abdikarimov@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырында жақсарған. Нұктелер = ұзақ-мерзімді орташа мән.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.



ӨНДІРІС ПЕН СҰРАНЫС

Қараша айында Қазақстандағы өндідеу өнеркәсібінде өсім жеделдеді.


Осу қарқыны аса жоғары және 2020 жылдың қыркүйек айынан бері ең елеулі деңгейде болды. Іс жүзінде сауалнама жүргізіле бастаған 2019 жылдың наурыз айынан бері қарқыны жағынан үшінші өсім тіркелді. Өндіріс көлемі соңғы тоғыз айдың әрқайсында өсті.

Бейресми деректерге сәйкес, өндіріс көлеміндегі соңғы өсімге жаңа

тапсырыстардың ұлғаюы және өндіріс қуатының артуы ықпал етті.

Өз кезегінде тұтынуышылар тарарапынан сұраныстың артуы жаңа тапсырыстардың көбекоіне себеп болды. Сонымен қатар жаңа тапсырыстар санының ұлғаюы сауалнама тарихындағы ең жедел өсім болды. Өндірістің көпшілік жоспары алдағы 12-ай бойы дайын өнім өндіруге сенімді нығайтты. Қол қою сатысына таяған жаңа мәмілелер сенімді күштейте түсті. Сейте тұра оптимизм қазан айына қарағанда бәсендеді және әдetteгі орташа деңгейден де төмен.

— Өндіріс — Жаңа тапсырыстар Индекс, маус.бейтү, >50 = өткен аймен салыстырғанда өсken (айма-ай өсken)



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС ҚУАТЫ

Өндірушілер қараша айында жаңа тапсырыстар санының өсуімен бірге қызметкерлер саны артқанын атап өтті.

Жұмыспен қамту тоғыз ай қатарынан өсті, дегенмен жаңа жұмыс орындарын ашу қарқыны баяулады және мамырдан бері ең тәмен көрсеткішке түсті. Жаңа қызметкерлер негізінен толық еңбек күніне жұмысқа алынды.


Жұмыспен қамтудың үзілмеуі жаңа тапсырыс саны бойынша рекорд жаңарғанына қарамастан,

компаниялар қарашада жұмыс көлемін жоғары деңгейде ұстап тұрғанын көрсетеді. Орындалмаған жұмыс көлемі төртінші ай қатарынан айтарлықтай қысқарды.

Қоймадағы дайын өнім қоры қазан айында күрт азайған соң, соңғы тоқсанның ортасында тұрақтала бастады. Өндірістен кейін қоймада жинақталған қор азайған кезде, компаниялар мұны дайын өнімді жедел жөнелтүмен байланыстырған болатын. Өндірістің айтарлықтай өсуі қоймадағы қорды сарқып алмауға күш салуға итермеледі.

■ Жұмыспен қамту
■ Орындалмаған жұмыс
■ Қоймадағы дайын тауарлар

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2024 S&P Global.

■ Жұмыспен қамту
■ Орындалмаған жұмыс

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)

■ Қоймадағы дайын тауарлар



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.



ЖЕТКІЗУ ТІЗБЕГІ

Өнімге сұраныс арта түскендіктен компаниялар сатып алуға белсенді кірісті.

Қарашада шикізат сатып алу тоғыз ай қатарынан өсті және шілдеден бастап қарқын жеделдей түсті.

Сатып алу белсенді жүргеніне қарамастан, сатып алынған шикізат тікелей өндірісті қолдауға бағытталғандықтан ай бойы қоймадағы ресурстар азая берді. Өндіріс үшін алдын-ала алынған ресурстар баяу қарқынмен болса да,


бес ай қатарынан азайды, дегенмен тамыздан бергі ең тәменгі көрсеткіш осы айда тіркелді.

Казақстандық өндірушілер қараша айында да жүк жеткізуіндің ұзақ уақытқа созылуымен бетпе-бет келді, десе де қазан айына қарағанда жүктің бөгелу ауқымы біршама қысқарды.

Жүк жеткізуіндің ұзақ уақытқа созылуын сауалнамаға қатысушылар логистикадағы кедергілер, шекарадағы бөгеліс және темір жол желілеріндегі өткізу мүмкіндігінің нашар болуымен байланыстырып отыр.

Сатып аулар саны Сатып аулар қоры


Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда есken (айма-ай есken)



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.


Жеткізіп беру уақыты

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда теізірек



Сатып аулар саны
Сатып аулар қоры

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда есken (айма-ай есken)




Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2024 S&P Global.

Жеткізіп беру уақыты

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда теізірек



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2024 S&P Global.




ИНФЛЯЦИЯ



Өндіріс шығыны қараша бойы күрт өсті.

Инфляция қарқыны қазан айына қарағанда жоғары болды, дегенмен әдetteгі орташа деңгейден біршама төмен. Респонденттердің 18%-ы өндіріс шығыны ай бойы артқанын байқаған. АҚШ долларына қатысты теңге бағамының әлсіреуі және жеткізушилердің шикізат бағасын

қымбаттатуы соңғы айда өндіріс шығының өсуіне түрткі болды. Шикізат бағасының қымбаттауы қараша айында дайын өнім бағасының өсуіне алып келді. Өндіріс шығынының үлғауы мұның алдындағы сауалнама кезеңіне қарағанда сату бағасының өсуін жеделдetti. Дайын өнім бағасы соңғы 15 бойы есіп келеді.




■ Ресурс бағасы
■ Дайын өнім бағасы
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция Нұктелер = ұзақ-мерзімді орташа мән.




ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РМИ

Өнім өндіру PMI
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырылғанда жақсарған

қазан 2024




Америка
■ US ■ CA ■ BR ■ MX
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырылғанда жақсарған



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.

Белгі (мәні)
US Құрама Штаттары
CA Канада
BR Бразилия
MX Мексика


Еуропа
■ EZ ■ GB ■ RU ■ TR
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырылғанда жақсарған



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.

EZ Еуроаймақ
GB Біріккеге Корольдік
RU Ресей
TR Түркия

Азия-Тыңық мұхит аймағы
■ CN ■ JP ■ IN ■ ASEAN ■ KR ■ AU
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырылғанда жақсарған



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.


CN Қытайдың ішкі өлкесі
JP Жапония
IN Үндістан
ASEAN - Оңтүстік-шығыс Азия елдерінің ассоциациясы
KR Оңтүстік Корея
AU Австралия

■ Дамыған елдер

■ Дамушы елдер

Хос = PMI, маусымда, >50 = өткен аймен салыстырылғанда жақсарған Y = алты айлық орташа мәннен салыстырылғанда PMI өзгерген

қазан 2024



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.

Кеңею

Аймақтардағы өсім қарқыны алты айлық кезеңде қарағанда жеделдеді. Алыс оң қапталдағы аймақтар қарқынды өсті, ең жоғарыда түрған аймақтар анағұрлым жедел өсім көрсетті.

Баяулау

Алты айлық кезеңде қарағанда баяу қарқынмен өсім көрсеткен аймақтар. Алыс оң қапталдағы аймақтар қарқынды өсті, ең төменде түрған аймақтарды өсім анағұрлым саябырлады.

Қысқару

Алты айлық кезеңде қарағанда жедел қарқынмен қысқарған аймақтар. Алыс сол қапталдағы аймақтарда қысқару қарқынды жүрді, ең төменде түрған аймақтарды қысқару қарқыны барынша тез болды.

Қалпына келу

Алты айлық кезеңде қарағанда қысқару баяу қарқында жүргөн аймақтар. Алыс сол қапталдағы аймақтарда қысқару қарқынды жүрді, жоғарыда түрған аймақтардағы қысқару қарқыны айтартықтай саябырлады.

Белгі (мәні)

AT Австрия

CN Қытайдың ішкі өлкесі

ES Испания

ID Индонезия

JP Жапония

MX Мексика

PL Польша

TR Түркия

AU Австралия

CO Колумбия

FR Франция

IE Ирландия

KR Оңтүстік Корея

MY Малайзия

NL Нидерланд

RO Румыния

TW Тайвань

BR Бразилия

CZ Чех Республикасы

GB Біріккеге Корольдік

IN Ўндістан

KZ Қазақстан

MM Мианмар

PH Филиппин

RU Ресей

VN Вьетнам

CA Канада

DE Германия

GR Грекия

IT Италия

ӘДІСТЕМЕ

**Freedom Holding Corp.
Қазақстандағы өндіруші
салалар бойынша PMI®
250 жуық өндіруші
компанияның сату
жөніндегі менеджерлеріне
жіберген жауаптер
негізінде S&P Global
әзірлеген.**

Бұл панел ЖІӨ-дегі үлесіне қарай нақты салалар мен компанияның жұмыс күшінің ауқымы бойынша жіктелген. Дерек жинау 2019 ж. наурыз айынан басталды.

Саулнама жауаптары әр айдың екінші жартысында жиналады және оның алдындағы аймен салыстырғандағы өзгеріс бағытын көрсетеді. Таралу индексі әр саулнама айнымалысы үшін есептеледі. Индекс - «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы және «өзгермеген» жауаптар пайызының

жартысы. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады, 50-ден жоғары мән алдынғы аймен салыстырғандағы жалпы өсімді, 50-ден төмен жалпы қысқаруды білдіреді. Индекс маусымға қарай түзетіліп отырады.

Негізгі көрсеткіш - Сату жөніндегі менеджерлер индексі™ (PMI). PMI - келесі бес индектің орташа есептелген мәні. Жаңа тапсырыстар (30%), Өндіріс (25%), Жұмыспен қамту (20%), Жеткізіп беру уақыты (15%) және Сатылым қоры (10%). Жеткізіп беру уақыты бойынша PMI есептеу үшін өзге индектермен салыстырмалы бағытта қозғалатындағы етіп алмастырылады.

Базалық саулнама деректері жарияланған соң қайта қаралмайды, бірақ маусымдық түзету факторлары қажет кезде қайта қаралуы мүмкін, бұл маусымға орай түзетілген кейір деректерге ықпал етеді.

PMI саулнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу economics@spglobal.com поштасына жазыңыз.

Саулнама ауқымы

250 өндіруші

Саулнама тарихы

2019 ж. наурыз айы

Саулнама сұрақтары

Өндіріс, жаңа тапсырыстар, жаңа экспорттық тапсырыстар, болашақ өндіріс, жұмыспен қамту, орындалмаған жұмыс, қоймадағы дайын тауарлар, сатылым саны, жеткізіп беру уақыты, сатылым қоры, ресурс бағасы, дайын өнім бағасы


Қамтылған секторлар

Халықаралық стандартты салалық жіктеу (ISIC) коды.

- 10 Азық-түлік
- 11 Суындар
- 12 Темекі өнімдері
- 13 Текстиль
- 14 Күйім-кешек
- 15 Былғары және тері өнімдері
- 16 Ағаш және ағаш өнімдері
- 17 Қағаз және қағаз өнімдері
- 18 Баспа ісі және таспаға жазылған материалдарды көбейту
- 19 Көмір және мұнайдан өндөлген өнімдер
- 20 Химия және химия өнімдері

Индекс түсіндірмесі

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2024 S&P Global.

Белгі (мәні)

- | | | | |
|---|------------------------------------|----|------------------------------------|
| 1 | Өзгеріссіз кезеңнен кейін есім бар | 6 | Өзгеріссіз кезеңнен кейін құлдырау |
| 2 | Өсім бар, жедел қарқынмен | 7 | Құлдырау, жедел қарқынмен |
| 3 | Өсім, үксас қарқынмен | 8 | Құлдырау, үксас қарқынмен |
| 4 | Өсім, бағы қарқынмен | 9 | Құлдырау, бағы қарқынмен |
| 5 | Өсім бар, өзгеріссіз қалған | 10 | Құлдыраудан соң өзгеріссіз |

- 21 Фармацевтика өнімдері
- 22 Резенке және пластик өнімдері
- 23 Басқа да бейметалл минерал өнімдер
- 24 Негізгі металдар
- 25 Өңделген металл өнімдер
- 26 Компьютер, электроника және оптикалық өнімдер
- 27 Электр жабдықтары
- 28 Машина және басқа салаларға жатпайтын жабдықтар
- 29 Көлік құралдары, жүк көліктері, тіркемелер
- 30 Транспорттың өзге бөлшектері
- 31 Фурнитура
- 32 Өзге де өндіріс
- 33 Машиналар мен жабдықтарды орнату және өндөу

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. әртаратандырылған қаржылық қызмет көрсететін компания, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздар саудасымен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік қызметтермен, ипотекамен, сақтандырумен, телекоммуникациямен, аюе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысады, онлайн супермаркет қызметтерін және басқаларын ұсынады.

Freedom Holding Corp. компаниясының еншілес компанияларын ескере отырып, 7,5 мыңдан астам қызметкери бар. Холдингтің бөлімшелері мен еншілес компаниялары Қазақстан, АҚШ, Кипр, Польша, Испания, Өзбекстан, Әзіrbайжан және басқаларын қоса алғанда 22 елде орналасқан.

Freedom Holding Corp. компаниясының жай акциялары АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында тіркелген және Nasdaq Capital Market-те FRHC тикерімен саудаланады.

www.freedomholdingcorp.com

S&P Global

Негізгі ақпаратты жеткізуши S&P Global (NYSE: SPGI). Үкімет, компаниялар және жеке тұлғалар сенімді шешім қабылдауы үшін, біз оларға қажет нақты деректер, тәжірибе және жүйеленген технология ұсынамыз. Клиенттердің жаңа инвестицияларды бағалаудың көмектесіп, оларға ESG мәселесі бойынша кеңес беріп, жеткізу тізбегіндегі энергияның жаңа көзіне ауысуына ықпал ету арқылы біз жаңа мүмкіндіктер ашамыз, мәселелерді шешіп, бүкіл әлемдік прогресті тездете міз.

Әлемдегі көптеген жетекші компаниялар кредит рейтингін жасау, мақсатты көрсеткіштер, әлемдік капитал, шикізат және автокөлік нарығындағы еңбек ағынын басқару әрі талдау мақсатында бізге жүргінеді. Әр ұсыныс арқылы біз әлемдегі жетекші үйімдардың болашағын бүгін болжына көмектесеміз.

www.spglobal.com

S&P Global ұсынған PMI

Сату менеджерлері индексі™ (PMI®) сауалнамалары қазір 40 астам мемлекетте, оған Еуроаймағы қоса отырып, маңызды өнірлерде жүргізіледі. Бұл аса мұқият зерделенетін әлемдік бизнес сауалнама, ол уақытылы, дәл және әдетте ай сайынғы экономикалық трендтердің айрықша индикаторы болатын деректерді ұсынатындықтан, орталық банктер, қаржы нарықтары, бизнестердегі шешім қабылдаушы тұлғалар арасында танымал.

www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/pmi

Байланысуышы тұлға

Ерлан Әдбікәрімов
Қаржылық талдау
департаментінің директоры,
Freedom Finance Global PLC
Yerlan.abdikarimov@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Қоғаммен байланыс
департаменті
Freedom Finance Global PLC
pr@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Эндрю Харкер
Экономика жөніндегі директор
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 1491 461 016
andrew.harker@spglobal.com

Сабrina Мәйин
Корпоративті коммуникация
жөніндегі маман
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 7967 447 030
sabrina.mayeen@spglobal.com

Ескерту

Осы құжаттағы мәліметтердің зияткерлік мәншігі не лицензия S&P Global және/немесе оның еншілес компанияларына тиесіл. S&P Global алдын-ала жазбаша мақұлдамаса деректі кез-келген түрде рұқсатсыз қолдану, оның ішінде есепсіз көшіру не басқаша пайдалануға тиым салынады. S&P Global осы құжатта баяндалған мазмұн немесе әкпарат («Деректер», Деректердегі кез келген қателік, шатасу, олқының немесе қідрістерге қатысты және соларға сүйеніп жасалған әрекеттерге қатысты ешқандай жауапкершілік, міндеттеме немесе жүктеме алмайды. S&P Global Деректі қолданудан тұған кез-келген арнайы, кездейсоқ немесе жанама шығындар ушін жауап бермейді. Сату менеджерлерінің индексі™ және PMI® сауда белгісі - S&P Global Inc тіркеген немесе S&P Global Inc және оның еншілестері лицензиялған сауда белгісі.

Бұл контентті S&P Global Ratings емес S&P Global Market Intelligence жариялады және алдыңғы атаптап үйім S&P Global құрамындағы жеке құрылым. Тиісті тараптан алдын-ала жазбаша рұқсат алмаған жағдайда рейтінді коса («Контент») актарратты, дерек пен материалды көшіріп басуға тиім салынады. Сол тарап, оның еншілестері мен жеткізушилері («Контент жеткізушилер») кез-келген Контенттің нақтылығы, адекваттылығы, толықандылығы, уақытлы болуы, оған қол жеткізулине кепілдік бермейді және (салғыртық немесе басқа) себебіне қарамастаң кез-келген қателік немесе мұлт кетуге, осындай Контентті қолданудан тұған нәтижеге жауап бермейді. Контент ұсынушылар ақпаратты кез-келген қолданудан туындаған (кірісті немесе пайдаған жоғалту және балама шығындарды қоса алғанда) кез келген залал, шығын, зиян, сот алымдары немесе қаржылай шығыстар үшін жауапкершілік алмайды.